

Қош келдің, қызғалдақты Әз Наурыз!

Наурыз – көктем мейрамы және көптеген халықтардың Жаңа жылы. Түбі бір түркі жұртының төл мейрамы. Жалпы, Наурыз достықтың,ынтымақтың, ырыс – берекенің, жаңарудың мерекесі.

Талдыбұлақ ауылдық кітапханасында Ұлыстың ұлы күніне орай «Қош келдің, қызғалдақты әз – наурыз!» атты ертеңгілік іс – шарасы өткізілді. Төл мерекемізді тойлаудың жаңа дәстүрі жыл сайын 14-23 наурыз аралығында өткізілетін Наурыз-знама онкүндігін жариялап, оның әр күнін белгілі бір тақырыпқа арнау ұсынылып отыр. 19 наурыз «Жаңару» 2019 жылы еліміздің жаңа тарихында мемлекет пен қоғамда түбірлі өзгерістер басталған «жаңа көшеттер – жаңа идеялар – мемлекет дамуындағы жаңа кезең» негіздеу ұсынылды. Талдыбұлақ ЖББМ 3 сынып оқушыларының қатысуымен көшеттерге гүлдер отырғызылды. Отырғызған гүлдеріміз кітапханамызға жаңаша сән беріп тұр. Осындай игілікті шаралар әлі де жалғасын таба бермек. Ұлу жылы құт берекесімен келсің, қазақ елі!

А.АСАНБАЕВА,

Талдыбұлақ ауылдық кітапханасының кітапханашысы